

**Аудандық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу қағидаларын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 31 шілдедегі № 177 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 8 қыркүйекте № 5069 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 20 мамырдағы № 123 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 20.05.2015 № 123 қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабына Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 ақпандағы № 88 "Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Ұзынкөл ауданының әкімдігі

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған Аудандық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Т. Ташмағамбетов*

Ұзынкөл

ауданы

әкімдігінің

2014

жылғы

31

шілдедегі

№ 177 қаулысымен бекітілген

**Аудандық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу қағидалары**

Осы Аудандық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу қағидалары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 ақпандағы № 88 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларының 7

тарауының 50-тармағына сәйкес әзірленді аудандық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу тәртібін анықтайды.

Аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың балансындағы мемлекеттік тұрғын емес қор объектілерінің 1 шаршы метрін пайдалану үшін жылдық жалдау ақысының базалық мөлшерлемесі 1 айлық есептік көрсеткішті құрайды.

1. Мемлекеттік тұрғын емес қор объектісін мүліктік жалдауға (жалға алуға) арналған жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$Жа = Бм * K_1 * K_2 * K_3 * S, \text{ мұндағы:}$$

Жа – мемлекеттік тұрғын емес қор объектісінің жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесі;

Бм – базалық мөлшерлеме;

$K_1$  - объектінің аумақтық қатыстылығын есепке алатын коэффициент;

$K_2$  - объектінің Ұзынкөл ауданында орналасқан жерін есепке алатын коэффициент;

$K_3$  - құрылыстың түрін есепке алатын коэффициент;

S - жалдауға алынған үй-жайдың ауданы (шаршы метр).

Объектінің аумақтық қатыстылығын есепке алатын коэффициент:

Аумақтық аймақ	$K_1$
Ұзынкөл ауылы	1,6

Объектінің Ұзынкөл ауданында орналасқан жерін есепке алатын коэффициент:

Ұзынкөл ауданында орналасқан жері	$K_2$
Ұзынкөл ауданының құрамына кіретін ауылдық елді мекендер	1,1

Құрылыс түрін есепке алатын коэффициент:

Құрылыс түрі	$K_3$
Жеке тұрған	1
Қосымша салынған	1
Жартылай жертөле	0,85
Жертөле	0,70
Қоймалық	0,60

2. Құрал-жабдықтарды, автокөлік құралдарын және басқа да пайдаланылмайтын заттарды мүліктік жалдау (жалға алу) үшін жалдау ақысының мөлшерлемесі мынадай формула бойынша анықталады:

$$Жн = АТ + (БҚ * ҚМ), \text{ мұндағы:}$$

Жн - құрал-жабдықтарды, автокөлік құралдарын және басқа да

пайдаланылмайтын заттардың жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесі;

АТ – 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 120-бабымен анықталған амортизацияның шектелген нормаларына сәйкес амортизацияндық төлемдердің соммасы;  
Б Қ - б а л а н с т ы қ к ү н ы ;

ҚМ - Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесі .

3. Жұмыс уақытын толық пайдаланбайтын (сағаттар бойынша) объектіні жалдау (жалға алу) үшін жалдау ақысының мөлшерлемесі мынадай формулалар бойынша е с е п т е л е д і :

аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың балансындағы мемлекеттік тұрғын емес қор үшін:  $J = S * B_m * K_1 * K_2 * K_3 / JY * N$ , мұндағы:

J - жұмыс уақытын толық пайдаланбайтын объектінің жалдау ақысының мөлшерлемесі ;

S - ауданы (шаршы метр) ;

B<sub>m</sub> - базалық мөлшерлеме ;

K<sub>1</sub> - объектінің аумақтық қатыстылығын есепке алатын коэффициент;

K<sub>2</sub> - объектінің Ұзынкөл ауданында орналасқан жерін есепке алатын коэффициент ;

K<sub>3</sub> - құрылыстың түрін есепке алатын коэффициент;

JY - жылдық жұмыс уақытының балансы;

N - жылдық сағат саны ;

құрал-жабдықтар, автокөлік құралдары және басқа да пайдаланылмайтын заттар үшін:  $J = (J_n / JY) * N$ , мұндағы:

J – құрал-жабдықтар, автокөлік құралдары және басқа да пайдаланылмайтын заттардың жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесі;

J<sub>n</sub> – құрал-жабдықтарды, автокөлік құралдарын және басқа да пайдаланылмайтын заттардың жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесі;

JY - жылдық жұмыс уақытының балансы;

N - жылдық сағат саны.